

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢНАМА, СОТ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ КОМИТЕТІНІҢ
КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ

2019 жылғы 18 қыркүйек

Отырысты Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы В.В. ВОЛКОВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер! Кворум бар. Начинаем расширенное заседание комитета.

Если нет возражений, утверждаем повестку дня, она вам роздана. В повестку дня включен один вопрос – рассмотрение проекта Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам государственной службы и противодействия коррупции» (первое чтение).

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Бектұрғанов Ерсұлтан Өтеғұлұлына беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ Е.Ө. Рақмет. Құрметті Владимир Васильевич, құрметті әріптестер! Мемлекетіміздің тәуелсіздік алған сәтінен бастап ел басшылығы, жалпы жас мемлекетіміздің алдында басқа да салалар сияқты әкімшілік жүйені және басқармашы аппаратты реформалау қажеттілігі тұрды.

Орын алып жатқан өзгерістерге бейімделген әрі жаңа талаптарды қанағаттандыратын мемлекеттік басқару жүйесін құру қажет болды.

Осы уақыт ішінде еліміздің жаңғыруының тиісті кезеңдеріне қойылатын талаптарға сай болатын «Мемлекеттік қызмет туралы» үш заң қабылданды.

Өткізілген түбегейлі шаралар нәтижесінде мемлекеттік қызметшілердің сапалық құрамы едәуір артып, кадрлардың кәсіби деңгейі жылдан жылға жақсара түсті.

Мемлекеттік аппаратта жоғары білімі бар, білікті кадрлардың саны айтарлықтай өсті.

Дегенмен уақыт бір орнында тұрған жоқ, ал Қазақстанның мемлекеттік қызметі тұрақты жаңғыру шараларын қолдануды талап етеді. Осыдан екі жыл бұрын еліміздің Ата заңына өзгерістер енгізіліп, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың жауапкершілігі мен дербестігі күшейтілді. Мемлекеттік билікті орталықсыздандыру және кейбір функцияларды жергілікті мемлекеттік органдарға беру жөнінде заңдар қабылданды. Аталған өзгерістер мемлекеттік қызмет туралы қолданыстағы заңнамаға түзету енгізу қажеттігін алға тартты.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның жұмыс істеуін талдау мақсатында «Nur Otan» партиясында партиялық тыңдау өткізілді.

Қолданыстағы заңнаманың көптеген аспектілері барлық мүдделі мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар өкілдерінің қатысуымен өткен дөңгелек үстелде қаралды. Осы шаралардың қорытындысы бойынша «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның нормаларында орын алып отырған проблемалар мен құқықтық коллизиялар анықталды.

Осыған байланысты Мәжіліс пен Сенаттың бірнеше депутаттары депутаттық бастама жасап, қолданыстағы заңнамаға қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдады.

Осы заң жобасында біз қолданыстағы құқық қолдану практикасын талдап, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама нормаларын және заң жобасына енгізілген басқа да заңнамалық актілерді түзету бойынша ұсыныстар әзірледік.

Атап айтқанда, конкурстық процедуралар оңтайландырылды, мемлекеттік қызметшілердің сынақ мерзімін өту тәртібі жеңілдетілді, «мемлекеттік қызметке жаңадан қабылданғандар» түсінігі анықталды, «А» және «Б» корпустарына бәсекелестіктен тыс тағайындау үшін талаптар күшейтілді.

Барлық түзетулер мемлекеттік қызметке кіру және өту процедураларын жеңілдетуге және шамадан тыс бюрократияны жоюға, сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің жеке жауапкершілігін жоғарылатуға бағытталған.

Біріншіден, тиісті өңірлік мемлекеттік органдардың басшылары лауазымына конкурстық іріктеуден ойдағыдай өткен кандидаттарды уәкілетті орталық мемлекеттік органдармен келісу практикасын алып тастау қажеттігі қарастырылды. Себебі «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңға сәйкес конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған үміткер тиісті лауазымға сөзсіз орналасу мүмкіндігіне ие болады. Анығырақ айтқанда конкурстық комиссияның шешімі конкурс жеңімпазын бос лауазымға тағайындау үшін негіз болып табылады және бұл қосымша келісуді талап етпейді.

Бірақ жоғарыда айтылған өңірлік басшыларды тағайындауға министрліктердің, орталық уәкілетті органдардың да конкурсқа дейінгі іс-шаралар арқылы (атап айтқанда: біліктілік талаптарын дайындап, бекіту кезінде және конкурстық комиссияның жұмысына қатысу арқылы) толық қатысуына мүмкіндік беретін нормаларды қарастырып отырмыз.

Екіншіден, бүгінгі күні заң талаптарына сәйкес сынақ мерзімі арнайы тексерудің оң нәтижесі алынғаннан кейін ғана есептеле бастайды. Дәл сол кезден бастап конкурстан өткен қызметке кірген адам мемлекеттік қызметші болып саналады. Бұл ретте арнайы тексеру жүргізу мерзімі үш айға дейін созылады, ал сынақ мерзімі үш айдан басталып, кейбір жағдайда 6 айға дейін созылуы мүмкін. Соның салдарынан азаматтар 9 айға дейін тағайындаудан өтпей, мемлекеттік қызметші өзіне тиесілі әлеуметтік қолдауларды толық ала алмайды. Соған байланысты біз сынақ мерзімін еңбек шарты қолданыла бастаған кезден бастап немесе

конкурстан өтіп келген азаматтың жұмысқа келген күнінен бастап есептеуді ұсынып отырмыз.

Үшіншіден, мемлекеттік қызметшілерді өңірлік ротацияны енгізу үшін өңірлік ротация, үйлестіру жөніндегі мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның құзыретін бекіту ұсынылады.

Төртіншіден, конкурстық рәсімдерді жетілдіру мақсатында бірыңғай конкурстық комиссияны құру тәртібі нақтыланды. Бұл мемлекеттік органдарға әрбір конкурста конкурстық комиссияны құрмауға, ұзақ мерзімге және оның өзінің қолданысын тек орталық аппаратқа ғана емес, онымен қатар өзінің аумақтық басқарулар мен ведомстволарға таралатын бірыңғай комиссияны құруға мүмкіндік береді. Бұл бюрократияны азайтады.

Бесіншіден, мемлекеттік қызметшінің бір мемлекеттік органдан басқа мемлекеттік органға ауысқан кезде мемлекеттік қызметтің мерзімін есептелуін үзбеу үшін рәсімдік мәселелер шешілді және бұл жағдайларда мемлекеттік қызметшіні жаңадан кірген деп есептемеуге және арнайы тексеруден өткізбеу және сынамақ мерзімін белгілемеу ұсынылады.

Алтыншыдан, мемлекеттік қызметке қайтадан кіргендер үшін, яғни бұл жағдайда басқа ұйымдардан мемлекеттік қызметке қайта кірген тұлғалар үшін сынақ мерзімін белгілемеу көзделіп отыр.

Жетіншіден, мемлекеттік қызметтен теріс себептермен емес жұмыстан шығарылған тұлғаларға жұмыстан шығарылғаннан кейін тестіден өтпей бір ай ішінде конкурстарға қатысу мүмкіндігін беру ұсынылды.

Сегізінші, орталық мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілеріне олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелері өткізетін ішкі конкурстарға қатысу құқығын беру қарастырылды.

Тоғызыншы, Елбасының тапсырмаларын іске асыру мақсатында жетекші шетелдік жоғарғы оқу орындарында докторантура бағдарламалары бойынша оқыған, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғаларға мемлекеттік қызметке конкурстан тыс кіру мүмкіндігіне құқық беру ұсынылады. Жоғарғы деңгейдегі менеджерлерді Global-500-ге кіретін компанияларда жұмыс тәжірибесі бар мамандарды мемлекеттік қызметке тарту мақсатында ұсынылып отыр.

Оныншы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңесте Президент айтқан тапсырмаларды іске асыру мақсатында бірінші басшыларға өздерінің тікелей бағыныстағы адамдарының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін дербес тәртіптік жауаптылықты енгізуді, сондай-ақ жергілікті органдардан бастап орталық органдарға дейін нормативтік құқықтық актілер жобаларының ғылыми сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама институтын қайтадан қалыптастыру ұсынылып отыр.

Сондай-ақ бұл жобаға депутаттар нақтылаған түзетулерді және құқықтық коллизияларды болдырмауға бағытталған түзетулер енгізілді.

Құрметті әріптестер! Осы заң жобасының қабылдануы мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қорғалуын арттыруға, конкурстық рәсімдерді жетілдіруге, мемлекеттік органдардың кадр мәселелерін шешу кезіндегі мобильділікті арттыруға, мүмкін болатын кадр тапшылығы тәуекелін төмендетуге ықпал ететін болады.

Сонымен қатар осы іс-шараларды іске асыру мемлекеттік қызметтің беделін арттыруға және мемлекеттің стратегиясын жүзеге асырудағы жоғары тиімді құрал етуге мүмкіндік береді.

Ұсынылған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ерсұлтан Утегулович.

Есть ли вопросы к докладчику?

ОРНЫНАН. Нет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақ болмаса, қосымша баяндама жасау үшін сөз комитет мүшесі Нұрлан Құдиярұлы Бекназаровқа беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Құрметті төраға, құрметті депутаттар, құрметті отырысқа қатысушылар! Қаралып отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заң жобасының мақсаты ұсынылып отырған өзгерістер мен толықтырулар арқылы мемлекеттік қызмет саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Заң жобасындағы ұсынылып отырған өзгерістер мен түзетулер бойынша негізгі баяндамашы әріптесім толық тоқталып айтып кетті.

Осы заң жобасын қабылдау мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қорғалуын арттырып, сонымен қатар олардың жауапкершілігін күшейтуге, кадрларды іріктеу жүйесін жетілдіруге, мемлекеттік органдардың кадр мәселелерін шешуде ұтқырлық танытуына, сондай-ақ меритократия қағидаттарын күшейтіп, халықтың мемлекеттік қызметке деген сенімін арттыруға ықпал етеді деп есептеймін.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен және депутаттардан заң жобасының тұжырымдамасы бойынша ескертпелер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Құрметті әріптестер аталған заң жобасы бойынша заң бастамашыларымен, министрліктердің және басқа да мүдделі мемлекеттік органдары өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының бірнеше отырысы өткізілді және заң жобасы жан-жақты талқыланды.

Сенаттың депутаттарынан және тұрақты комитеттерінен заң жобасы бойынша келіп түскен ескертпелер мен ұсыныстар ескерліп, Мәжіліс мақұлдаған заң жобасына кейбір негізгі бағыттар бойынша өзгерістер енгізу қажеттігі туындады, барлық ұсыныстар салыстырма кестеге сәйкес жинақталды, 22 негізгі бөлім мен қосымша екі бөлімнен тұрады, сіздерге ұсынылып отыр.

Осыған байланысты, құрметті депутаттар, ұсынылған заң жобасын бірінші оқылымда Сенат отырысында қарауға ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Есть вопросы к содокладчику?

ОРНЫНАН. Нет.

ТӨРАҒА. Поддерживаем проект закона?

ОРНЫНАН. Поддерживаем.

ТӨРАҒА. Уважаемые коллеги, в соответствии с пунктом 56 Регламента Сената кодексы, изменения и дополнения в них принимаются Сенатом не менее чем в двух чтениях.

В соответствии с пунктом 58 в первом чтении проекты кодекса, изменений и дополнений в него обсуждаются концептуально.

Принято решение одобрить в первом чтении концептуально данный законопроект.

В соответствии со статьей 29 Закона Республики Казахстан «О комитетах и комиссиях Парламента Республики Казахстан» внести предложение на Бюро Сената о включении проекта Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам государственной службы и противодействия коррупции» в повестку дня пленарного заседания в первом чтении.

Принимаем такое решение?

ОРНЫНАН. Принимаем.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Пожалуйста.

ЕҢСЕГЕНОВ С.Қ. Рақмет.

Мен комитеттің отырысына біздің әріптестерімізге жан-жақты баяндама жасағаны үшін рақметімді жеткізгім келеді және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі өкілдерінің қатысуына байланысты жергілікті жердегі кездесу кезінде көтеріліп жүрген бір мәселені жеткізіп, соны ескеруді сұраймын.

Өздеріңіз білесіздер, соңғы кезде қоғамды демократияландыруға байланысты жергілікті жердегі ауылдың, ауылдық округтың әкімдерін жергілікті мәслихаттар сайлау іске асып келеді. Бірақ осы мәслихаттарда сайланған ауыл, ауылдық округтердің әкімдері бірден қызметке тағайындалмайтын болып тұр. Олар әкімшілік қызметкерлер сияқты сайланғаннан кейін бірнеше ай бойы арнайы тексерудің қорытындысын алуға тиіс. Арнаулы тексерудің қорытындысы болмай, олар әкімнің міндетін атқарушы ретінде қызметке тағайындалуда. Бұл жергілікті мәслихат депутаттарының және азаматтардың тарапынан заңды сұрақтардың туындауына себепші болып отыр: сайланған адам қалай міндетін атқарушы болады? Сондықтан осы ауылдың, ауылдық округтердің әкімдерін сайлау туралы қолданыстағы ережеге өзгерістер

енгізген дұрыс деп ойлаймын. Яғни кандидаттар анықталған жағдайда сол сайлауға дейін ол адамдар арнайы тексеруден өткізілсе, сайланғаннан кейін олар бірден қызметіне кіретіндей жағдайда болу керек.

Кейбір жағдайларда 7-8 айға дейін созылып кеткен, кездесу кезінде оларды біз өз көзімізбен көрдік. Осыны болашақта ескерсе деген ұсыныс. Рақмет.

ТӨРАҒА. Все вопросы повестки дня рассмотрены, заседание объявляется закрытым. Всем спасибо. Приглашенные могут быть свободны.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

Конституциялық заңнама, сот
жүйесі және құқық қорғау
органдары комитетінің төрағасы

В. Волков

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының инженерлік
орталығы» РМК директорының м.а.

А. Құсайынов

ОРЫНДАҒАН:

Стенографиялау қызметінің
жетекші редакторы

И. Шыныбаева